

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тунис Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 24 қыркүйек 1993 ж. N 947

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **қаулы етеді:**

1. Алматы қаласында 1992 жылғы 23 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тунис Республикасы Үкіметінің арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы осыған қосылған хаттама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Хаттаманың бекітілгені туралы Тунис Республикасының Үкіметін хабардар ететін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тунис Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы Хаттама

(1993 жылғы 24 қыркүйекте күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Келісуші Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тунис Республикасының Үкіметі

екі ел халықтарының арасында достық қарым-қатынастар бар екендігін мойындай отырып,

экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту ниетімен ынталана отырып,

екі мемлекет арасындағы қатынастарда халықаралық хұқықтың жалпыға бірдей нормаларын басшылыққа ала отырып,

екі жақты ынтымақтастықта жаңа экономикалық жағдаяттарға сәйкес келтіруді т і л е й отырып,

төмендегі жайында келісті:

1-бап

Келісуші Тараптар өз елдерінің мүмкіндіктері мен сұраныстарын ескере отырып, теңдік пен тиімділік негізінде экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени дамуға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтасуға және бір-біріне көмектесуге міндеттенеді.

2-бап

Жоғарыда көрсетілген бапта алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ынтымақтастық өзгелерден тыс мына салаларда да өрбитін болады:

- а) ауыл шаруашылығы, балық аулау мен кеме жасау, құрылыс және туризм;
- б) өнеркәсіп және сауда аралас кәсіпорындарын құру және басқару;
- в) экономикалық, ғылыми және техникалық ақпарат алмасу;
- г) техника мен ғылым салаларында сарапшылар, мамандар және кеңесшілер алмасу ;
- д) білім мен кәсіптік оқу салаларында стипендия беру, сынақтан өткізу мен семинарлар ұйымдастыру.

Ынтымақтастықтың кез келген өзге нысаны жөнінде Келісуші екі Тарап келісетін болады.

3-бап

2-бапта қарастырылған және қоғамдық ұйымдар жүзеге асыратын негізгі жобаларды іске асыруда экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты өмірге енгізу ерекше келісімдердің, хаттамалардың және келісім-шарттардың тақырыбы болып табылады.

4-бап

Келісуші Тараптар өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес екі мемлекеттің заңды ұйымдары мен азаматтарына осы Хаттаманың ауқымында олардың қызметіне қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында қажетті жеңілдіктер беретін болады.

5-бап

Келісуші Тараптардың біреуінің территориясында екі Тарап қол қойған хаттамаларды, келісім-шарттарды, шарттар мен келісімдерді орындау мақсатында жүрген кез келген тұлға сол мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтауға міндетті.

6-бап

Осы Хаттама бес жыл мерзімге жасалады және егер Келісуші Тараптардың біреуі оның қолданыста болу мерзімі біткенге дейін алты ай бұрын оны бұзғысы келетіні

туралы жазбаша мәлімдемесе, әрбір келесі бес жыл мерзімге ұзартылуға жатады.

Хаттама Келісуші Тараптардың ішкі мемлекеттік заңдарына сәйкес күшіне енеді.

7-бап

Осы Хаттамаға кез келген өзгеріс пен толықтыру Келісуші Тараптардың арасындағы жазбаша келісімнен кейін енгізіледі.

1992 жылы 23 қарашада Алматы қаласында екі дана болып араб және қазақ тілдерінде жасалды және екі текстің күші бірдей.

Әрбір Келісуші Тарапқа осы Хаттаманың данасымен бірге орыс тіліндегі ресми аударманың тексі қалдырылады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Тунис Республикасының

Үкіметі үшін